# ҚР МСМ «Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» РММ
# Өзіндік үлгідегі диплом беру туралы Ереже

**Алматы 2021 ж.**

## АЛҒЫСӨЗ

| | |
|---|---|
| **1. ӘЗІРЛЕГЕН ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ** | ҚР МСМ РММ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығы және оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметі |
| **2. БЕКІТІЛДІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗІЛДІ** | ҚР МСМ РММ «Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы» Ғылыми кеңесінің шешімімен «30» 06 2021 ж. №11 хаттамасы №2 басылым.<br>«24» 12. 2020 жылы №_5__хаттамасы № 1 басылымның орнына |
| **3. ӨЗГЕРТУЛЕР ЕНІЗУ МЕН ҚОСЫМША ҚОСУ** | |
| **4.МЕРЗІМДІ ТЕКСЕРУ** | 3 жыл |

## Мазмұны

1. Қолдану саласы....................................................................................4
2. Нормативтік сілтемелер.......................................................................4
3. Пайдаланылған қысқартулар..................................................................5
4. Терминдер мен анықтамалар..................................................................5
5. Жалпы ережелер ..................................................................................8
6. Өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру және дипломдарды рәсімдеу....................................................................................................8
7. Өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерін қабылдау, сақтау, беру және есептен шығару......................................................................................................9
8. Бланкілерді толтыру.............................................................................10
9. Өзгерістер енгізу тәртібі........................................................................12
10. Келісу, сақтау және тарату...................................................................13
Келісім парағы.......................................................................................... 14
Қосымша №1...........................................................................................15
Қосымша №2...........................................................................................16
Қосымша №3...........................................................................................17
Қосымша №4...........................................................................................18
Қосымша №5...........................................................................................22
Қосымша №6...........................................................................................23
Қосымша №7...........................................................................................24
Қосымша №8...........................................................................................25
Қосымша №9...........................................................................................26
Қосымша №10.........................................................................................27
Қосымша №11.........................................................................................28
Қосымша №12.........................................................................................
Қосымша №13.........................................................................................
Қосымша №14.........................................................................................
Қосымша №15.........................................................................................
Ережемен танысу парағы...........................................................................29

**1. Қолдану саласы**

1. Осы Ереже ҚР МСМ "Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы" РММ (бұдан әрі-Академия) өз үлгісіндегі дипломды айқындайды.

2. Осы Ереженің талаптары Академияның барлық құрылымдық бөлімшелеріне қолданылады.

3. Осы Ереже Академияның ішкі нормативтік құжаты болып табылады және сапа менеджменті жүйесіне тексеру жүргізу кезінде сертификаттау органдарының аудиторларынан (олардың талап етуі бойынша) басқа тұлғаларға ұсынуға жатпайды.

**2. Нормативтік сілтемелер**

1.Өзіндік диплом беру туралы ереже келесі құжаттардың талаптары мен ұсынымдарына сәйкес әзірленді:

1) Қазақстан Республикасының 27.07.2007 ж. №319-III "білім туралы" Заңы

2) "Жоғары оқу орындарының ерекше мәртебесі туралы ережені" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 14 ақпандағы № 66 қаулысын енгізу туралы (05.04.2018 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 30.10.2018 жылғы №595 бұйрығы "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» (24.12.2020 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен);

4) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2018 жылғы 31 қазандағы №604 қаулысымен бекітілген «Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты» (05.05.2020 ж. өзгерістер мен толықтыруларымен)

5) "Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы (12.10.2018 ж. жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен).);

6) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 8 желтоқсандағы № 512 Бұйрығы "Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдар»;

7) "Ұлттық мұрағат қоры және мұрағаттар туралы" 1998 жылғы 22 желтоқсандағы № 326-I Қазақстан Республикасының Заңы (24.05.2018 ж.жағдай бойынша өзгерістермен және толықтыруларымен);

8) «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 28 қаңтардағы № 39 «Мемлекеттік стандарттың білімі туралы құжаттардың түрлері мен формаларын және оларды беру ережесін бекіту туралы» бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 20.07.2021 № 277 бұйрығы.

9)ҚР МСМ" Т. Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы " РММ жарғысы;

10) Т.Қ.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы "РММ 2016-2026 жылдарға арналған Даму стратегиясы;

**3.Пайдаланылған қысқартулар.**
**ҚР БҒМ**-Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
**ҚР МСМ**-Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі;
**ОЖЖ**-Оқу жұмыс жоспары
**ЖОЖ**-Жеке оқу жоспары;
**АК**-Аттестациялық комиссия;
**ҚА**- Қорытынды аттестация ;
**ECTS** - Европалық трансферт (аударым) және несие жинақтау жүйесі

**4.Терминдер мен анықтамалар**
1) **академиялық кезең**– (Term) (терм) - білім беру ұйымы үш нысанның бірінде дербес белгілейтін теориялық оқыту кезеңі: семестр, триместр, тоқсан;
2) **академиялық кредит**- білім алушының және (немесе) оқытушының ғылыми және (немесе) оқу жұмысы (жүктемесі) көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;
3) **Академиялық күнтізбе** - (Academic Calendar) (академик күнтізбе) –демалыс күндерін (каникулдар мен мерекелерді) көрсете отырып, оқу жылы ішінде оқу және бақылау іс-шараларын, кәсіптік практикаларды өткізу күнтізбесі);
4) **Бакалавриат**-тиісті мамандық бойынша "бакалавр" академиялық дәрежесін бере отырып, мамандар даярлауға бағытталған жоғары білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы;
5) **Магистратура** - тиісті мамандық бойынша "магистр" академиялық дәрежесін бере отырып, ғылыми, ғылыми-педагогикалық және басқарушы кадрларды даярлауға бағытталған жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің кәсіптік оқу бағдарламасы;
білім алушылардың оқу жетістіктері-білім алушылардың оқу процесінде алатын және жеке тұлғаның қол жеткізген даму деңгейін көрсететін білімі, іскерліктері, дағдылары мен құзыреттері;
6) **Білім алушыларды қорытынды аттестаттау** - (Qualification Examination) – тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес білім беру бағдарламасында көзделген оқу пәндерінің және (немесе) модульдердің көлемін және оқу қызметінің өзге де түрлерін олардың меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;
7) **Жеке оқу жоспары**-білім беру бағдарламасы және элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әрбір оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;
8) **Дипломдық жұмыс (жоба)** – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін өзекті проблеманы студенттің және курсанттың (бұдан әрі-студент) өз бетінше зерделеуі нәтижелерін қорытуды білдіретін бітіру жұмысы;
9) Т**ранскрипт - (Transcript)** - дипломға қосымша болып табылатын және білімді бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі бойынша кредиттері мен бағалары көрсетілген тиісті оқу кезеңінде өткен пәндердің тізбесі бар құжат;

10) Оқу **жетістіктерін бағалаудың балдық-рейтингтік әріптік жүйесі**-халықаралық практикада қабылданған әріптік жүйенің сандық баламасына сәйкес келетін және білім алушылардың рейтингін белгілеуге мүмкіндік беретін баллдардағы оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау жүйесі;

11 Т**рансферттің (аударудың) Еуропалық жүйесі және ECTS кредиттерін жинақтау)** – студенттің шетелде алған кредиттерін өзінің білім беру ұйымына оралғаннан кейін олардың дәреже алуы үшін есептелетін кредиттерге аудару, сондай-ақ білім беру бағдарламалары шеңберінде кредиттер жинақтау тәсілі.

**5.Жалпы ережелер**

1.Бұл ереже Т.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының ( бұдан әрі- академия) өзіндік жеке үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру мақсатында әзірленді.

2. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың түрлері: бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом, магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом, магистр дипломына куәлік, философия докторы ((PhD) дипломы.

**6. Өзіндік үлгідегі құжаттарды беруді ұйымдастыру және дипломдарды рәсімдеу**

3. Аттестаттау комиссиясының білім алушылардың қорытынды аттестаттаудан өткені туралы куәландыратын және олардың тиісті білім деңгейін толық көлемде меңгергенін растайтын шешімі өзіндік үлгідегі құжаттарды беру үшін негіздеме болып табылады.

4. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар академия бітірушілеріне тиісті шешім қабылданған күннен бастап отыз жұмыс күнінен кешіктірілмей тегін беріледі.

5. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалардың бланкілері, сондай-ақ сертификаттар типографиялық тәсілмен (қолмен немесе баспа құрылғыларының көмегімен толтырылатын деректерді есепке алмағанда) басылады.

6. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалардың бланкілерінде:

1) Академия атауы;

2) бітірушілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);

3) білім беру бағдарламасының (мамандықтың) коды және атауы;

4) берілетін дәреже;

5)дәреже беру туралы аттестаттау комиссиясының отырысы хаттамасының күні мен нөмірі;

6) оқыту нысаны;

7) академия басшысының қолдары;

8) реттік тіркеу нөмірі;

9) берілген күні және орны (қала);

10) академия мөрін қосуды ұсынылады.

7. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалардың бланкілерінде осы білім беру бағдарламаларын аккредиттеген аккредиттеу агенттіктерінің атаулары (логотиптері) орналастырылуы мүмкін.

8. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру және жинау технологиясын және (немесе) QR коды (мөлшері 3х3 см. кем емес)қолданылады.

9. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың қосымша парақтарының, қосымшаларының бланкілері арнайы қорғау дәрежелері бар қағазға басылады.

10. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттың әрбір түрі үшін серия мен реттік нөмірлеуді белгілейді.

Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың мынадай сериялары бар:

1) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – BD (қосымша №1);

2) магистр дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом – MD (қосымша №2);

3) магистр дипломына куәлік – CMD (қосымша №3)

4)дипломға қосымша (транскрипт)

5)дипломға жалпыеуропалық қосымша (Diploma Supplement (диплом саплэмент) №5 қосымша;

6) философия докторы (PhD) дәрежесі берілетін жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы дипломы- PhD (қосымша №6)

11.Өзіндік білім туралы құжатқа Европалық қосымша тек өтініш негізінде шығарылады (№7 қосымша) және сауалнамада көрсетілген ақпараттарды растайтын құжаттар пакетін қоса тапсыра отырып сауалнама (№8 қосымша) толтырылады:

*Міндетті түрде* - жеке куәлік көшірмесі және диплом мен транскрипт көшірмесі.

*Қалауы бойынша*:

- талапкер басқа жоғары оқу орындарында оқып жүргенде алған барлық транскрипттердің көшірмелері;
- кәсіби салада практикалық жұмыс тәжірибесінің болуын растайтын құжаттардың көшірмелері;
- дипломдардың, сертификаттардың, курстарда, қосымша білім беру факультеттерінде және қосымша біліктілікке ие болғандары туралы куәліктердің көшірмелері;
- студенттің жарыстарда алған марапаттары туралы құжаттардың көшірмелері,

7) білім беру құжатының әрбір үлгісі үшін өзіндік үлгідегі нөмірлеу арнайы қызметтің көмегімен қалыптастырылады;

8) білім туралы құжаттардың жеке үлгісін қалыптастыру Ұлттық білім беру деректер қорына енгізілген білім алушылар туралы ақпарат негізінде жүзеге асырылады.

12.Өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері арнайы қорғалатын материалдардың көмегімен жасалады.

13. Академияның өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілерін сатып алуы 31 мамырдан кешіктірілмей жүзеге асырылады.

## 7. Өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерін қабылдау, сақтау, беру және есептен шығару

14. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің қабылдануын, сақталуын, берілуін және есептен шығарылуын ұйымдастыру бойынша бақылауды жүзеге асыру мақсатында академияда басшының бұйрығымен бекітілетін құрамы 5 адамнан кем емес тұрақты жұмыс істейтін комиссия құрылады.

15. Тиісті оқу жылында білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің пайдаланылуы туралы есепті материалдық жауапты тұлға академия бухгалтериясына ұсынады (қосымша №9).

16. Пайдаланылмаған білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері, олардың саны бланкілердің қозғалысы туралы есептерде көрсетіледі (қосымша №10).

17 Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың жетіспеу фактілері анықталған жағдайда комиссия акт жасайды, онда түгендеудің орны мен күні көрсетіледі (қосымша №11).

18. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың жоғалғандығы анықталған жағдайда комиссия акт жасайды және материалдық жауапты тұлғаға сақтауға береді (қосымша №12).

19. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жұмыста пайдаланылу барысында бүлінген жағдайда, бүлінген бланкілер бойынша акт жасалады. Бүлінген бланкілер жөніндегі актіге кесілген және қағаз парағына желімделген бүлінген бланкілердің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, бланкілердің қалған бөліктері ұсақталады немесе өртеледі (қосымша №13).

20. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар бланкілерінің мазмұнына өзгерістер енгізілген жағдайда, ескі үлгідегі бланкілер академия басшысының шешімі негізінде жойылады және білім туралы құжаттар бланкілерін жою актісімен ресімделеді. Актіге кесілген және қағаз парағына желімделген бланкілердің нөмірлері мен сериялары қоса беріледі, бланкілердің қалған бөліктері ұсақталады немесе өртеледі (қосымша №14).

21. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілері жанбайтын сейфтерде, темір шкафтарда немесе шектеулі мерзімсіз бланкілердің сақталуын қамтамасыз ететін арнайы жабдықталған үй-жайларда сақталады (қосымша №15).

22. Есептік деректердің дұрыстығын бақылауды жүзеге асыру мақсатында есептердің көшірмелерін тиісінше сақтау қамтамасыз етіледі. Есептер оларды жасау мерзімдері бойынша жеке папкаларда сақталады.

23. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырысты ұйымдастыру, сақтау, есепке алу және беру жауапкершілігі академияның материалдық жауапты тұлғасына жүктеледі.

24. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттардың бланкілеріне тапсырыс берілуін, сақталуын, есепке алынуын және берілуін бақылауды жүзеге асыру академия басшысына жүктеледі.
25. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттар басып шығару құрылғыларының көмегімен немесе каллиграфиялық жазумен (қара пастасы бар шарикті қаламмен) толтырылады.

## 8.Бланкілерді толтыру

26. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымша парақтардың, қосымшалардың бланкілері мемлекеттік және ағылшын тілдерінде толтырылады (қосымша №4).
27. Қосымша парақтардың бланкілері мынадай түрде үш тілде толтырылады:
1) оқуды аяқтаған Қазақстан Республикасы азаматтары үшін «тегі, аты және әкесінің аты (ол болған жағдайда)» деген жолда адамның жеке басты куәландыратын құжаттағы (не оны алмастыратын құжаттағы) жазбаға сәйкес толық жазылады;
2) шетелдік азаматтың «тегі, аты және әкесінің аты (болған жағдайда)» деген жолда шетелдік паспорттың деректері бойынша жазылады;
3) «білім беру ұйымының толық атауы» деген жолда оқу орнының ресми атауы көрсетіледі;
4) «дәреже/біліктілік берілді» деген жолда – берілетін дәреженің/біліктіліктің атауы;
5) «мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды және атауы» деген жолдарда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды, атауы көрсетіледі;
6) «оқыту нысаны» деген жолда оқыту нысаны көрсетіледі.

Білім алушылар қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып, білім беру бағдарламалары пәндерінің 50%-дан астамын игерген кезде «оқыту нысаны» деген жолда «қашықтықтан білім беру технологияларын қолдана отырып» деген тиісті белгі көрсетіледі;
7) бланкіде берілетін дипломның сериясы мен нөмірі, білім беру ұйымы орналасқан қала, ауыл, аудан, облыс, бланкінің берілген күні: күні (санмен), айы (жазумен) және жылы (төрт таңбалы санмен), берілетін бланкілерді тіркеу журналы бойынша бланкінің тіркеу нөмірі көрсетіледі;
8) аттестаттау комиссиясы хаттамасының күні, нөмірі көрсетіледі.
9) философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор ғылыми дәрежесі берілген жоғары оқу орнынан кейінгі білім туралы диплом нысанында диссертациялық кеңес отырысының хаттамасының күні мен нөмірі көрсетіледі.
28. Академия басшысының қолдары бланкілерде қара пастасы бар шарикті қаламмен қойылады. Мөрге бөлінген орынға академияның мөрі қойылады.

29. Құжат бланкісі толтырылғаннан кейін ондағы енгізілген жазбалардың дәлдігі мен қатесіз болуы мұқият тексерілуі тиіс. Қателермен жасалған құжат бүлінген деп саналады және ауыстырылуы керек.

30. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшалар үш тілде мынадай үлгіде толтырылады:

1) тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) толық көрсетіледі;

2) пәндердің атауы, академиялық кредиттердің саны - ECTS. Бағалау (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен));

3) «Қорытынды аттестаттау» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі. Егер кешенді емтихан тапсырылса, онда кешенді емтиханға кіретін пәндердің атауы көрсетіледі және бір баға қойылады;

4) «Алдыңғы білім туралы құжат» деген сөздерден кейін осы адамды академияға қабылдауға негіз болған білім туралы құжаттың атауы, құжаттың нөмірі және оның берілген жылы көрсетіледі. Егер алдыңғы білім туралы құжат шетелде алынған жағдайда, оның мемлекеттік және ағылшын тілдеріне аударылған атауы және осы құжат берілген елдің атауы көрсетіледі;

5) «Оқуға түсті» және «Оқуды аяқтады» деген жолда тиісінше оқуға түскен жылы және оқуды бітірген жылы төрт таңбалы сандармен, сондай-ақ осы адам оқуға түскен оқу орнының толық атауы және осы адам бітірген академияның атауы көрсетіледі.

6) «Игерілген академиялық кредиттердің жалпы саны – ECTS» деген жолда кредиттер саны цифрлармен көрсетіледі;

7) «Оқытудың орташа өлшемді бағасы (GPA)» деген жолда оқудың барлық кезеңіндегі орташа балл цифрлармен көрсетіледі;

8) «Кәсіптік практика» деген жолда академиялық кредиттердің атауы, саны - ECTS және бағасы (әріптік баламада, балмен және дәстүрлі (жазумен) көрсетіледі;

9) «Теориялық оқыту кредиттерінің саны» және «Теориялық оқыту ECTS кредиттерінің саны» деген жолда теориялық оқыту кредиттерінің саны цифрлармен көрсетіледі;

10) «Аттестаттау комиссиясының шешімімен» деген жолда хаттаманың нөмірі және күні цифрлармен көрсетіледі;

11) «Берілді (берілді)» деген жолда дәреже/біліктілік көрсетіледі;

12) «Мамандық және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша» деген жолда мамандықтың және (немесе) білім беру бағдарламасының коды мен атауы көрсетіледі;

13) «Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі» деген жолда мынадай деңгей цифрлармен көрсетіледі: бакалавриат үшін – 6, магистратура үшін – 7, докторантура үшін – 8;

31. Студенттің осы дайындық бағыты немесе мамандығы үшін академияның оқу жоспарында айқындалған пәндерден тыс оқыған пәндері студенттің өтініші бойынша оның келісімімен енгізіледі.

32. Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарға қосымшаларға академия басшысы қол қояды. Мөрге бөлінген орынға академияның мөрі қойылады.
34. Дипломға қосымшасыз жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімді бітіргені туралы диплом жарамсыз болып табылады.

**9. Өзгерістер енгізу тәртібі**

35. Ережеге өзгерістер енгізу "құжаттаманы басқару" ДП 133.025-2017 және "ережелерді әзірлеу, келісу және бекіту тәртібі"СО-2017 сәйкес жүргізіледі.
36. Осы Ережеге өзгерістер енгізуді әзірлеуші ережені әзірлеу және бекіту сияқты тәртіппен жүзеге асырады.
37. Ережеге өзгерістер келесі жағдайларда енгізілуі керек:
- "Нормативтік сілтемелер"бөлімінде көрсетілген құжаттарға өзгерістер мен толықтырулар енгізілген кезде .
38. Ереженің жұмыс данасына өзгерістер енгізуді оқу процесін ұйымдастыру және бақылау қызметінде іс жүргізуге жауапты адам өзгерістер туралы хабарламаның көшірмесін алған күннен бастап 5 күннен кешіктірмей жүзеге асырады.
39. Өзгерістер құжатты қайта қарауға немесе күшін жоюға дейін қолданылады.
40. Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері Ереженің түпнұсқасында оны ауыстыру туралы бұйрықтың нөмірі мен күнін көрсете отырып, "жойылды" деп жазады. Күші жойылған құжат түпнұсқасының ісін Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің қызметкері мұрағатқа сақтауға тапсырады.

**10. Келісу, сақтау және тарату**

41. Осы Ережені келісу оқу және оқу-әдістемелік жұмыс жөніндегі проректормен, ғылыми жұмыс жөніндегі проректормен, тәрбие жұмысы және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректормен, оқу -әдістемелік қызметтің басшысымен, заң бөлімінің басшысымен, стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөлімінің басшысымен жүзеге асырылады және құжаттың түпнұсқасымен бірге сақталатын "келісу парағы" жеке нысанында ресімделеді.
42. Осы Ережені (түпнұсқаны) Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті жүйесі бөліміне сақтауға беру үшін әзірлеуші жауапты болады.
43.Осы Ереженің жұмыс данасы оқу процесін ұйымдастыру және мониторинг қызметінде және жоғары оқу орнынан кейінгі білім бөлімінде, сондай-ақ "ЭДО"ақпараттық жүйесінде болады.

**Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің ғылыми-зерттеу орталығының басшысы** **Кульшанова А.**

**Оқу үдерісін ұйымдастыру және мониторинг қызметінің басшысы** **Турдалиева Б.**

**КЕЛІСІМ ПАРАҒЫ**
**"КЕЛІСІЛДІ»**
Оқу және оқу- әдістемелік жұмыстар
жөніндегі проректор
__________________ Ш.Амирбеков
"30" 06 2021 ж.

"КЕЛІСІЛДІ»
Ғылыми жұмыс жөніндегі проректор
__________________ Қ .Халықов
"30" 06 2021 ж.

"КЕЛІСІЛДІ»
Оқу -әдістемелік қызметтің басшысы
__________________ К.Жанысбаева

"30" 06 2021 ж.

"КЕЛІСІЛДІ»
Заң бөлімінің басшысы
__________________ Г. Сейтбекова
"30" 06 2021 ж.

"КЕЛІСІЛДІ»
Стратегиялық жоспарлау және сапа менеджменті
жүйесі бөлімінің басшысы __________________ А.Молдабаева
"30" 06 2021 ж.

Қосымша №1

**Білім туралы өзіндік үлгідегі дипломның үлгісі**
**Сыртқы беті ( бакалавр)**






Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру QR коды: білім алушының аты -жөні, академияның атауы, мамандықтың коды мен атауы, оқу кезеңі (оқуға түскен жылы мен бітірген жылы).

**Білім туралы өзіндік үлгідегі дипломның үлгісі**
**Ішкі беті (бакалавр)**


Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы
Аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы «15» маусым шешімімен (№ 07 хаттама)
Аты-жөні
5B040400
Дәстүрлі музыка өнері мамандығы
және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша
Өнер
БАКАЛАВРЫ
дәрежесі берілді
Оқыту нысаны күндізгі
Подпись ФИО ректора
М.О. 2021 жылғы 25 маусым
Алматы қ.
Серия 11-значный номер диплома
Тіркеу нөмірі Регистрационный номер

Решением Аттестационной комиссии
Казахской национальной академии
искусств им.Т.К.Жургенова
от «15» июня 2021 года (протокол № 07)
ФИО
присуждена степень
БАКАЛАВР
Искусства
по специальности и (или) образовательной программе
5B040400
Традиционное музыкальное искусство
Форма обучения очное
By the Decision of the Attestation Commission
T.K.Zhurgenov Kazakh
national academy of arts
ФИО was
awarded the degree of BACHELOR
Arts
on the specialty and (or) educational program
5B040400 Traditional musical art
Form of training full-time
Date «15» june 2021
«25» июня 2021 года Алматы

Номер диплома представлен 11-значным уникальным цифровым кодом, связанным с информацией об обучении обучающегося

Диплом нөмірі білім алушының білімі туралы ақпаратты 11 таңбалы бірегей нөмірмен ұсынылады.

**Білім туралы өзіндік үлгідегі қызыл дипломның үлгісі**
**Сыртқы беті (бакалавр)**




Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру QR коды: білім алушының аты -жөні, академияның атауы, мамандықтың коды мен атауы, оқу кезеңі (оқуға түскен жылы мен бітірген жылы).

**Білім туралы өзіндік үлгідегі қызыл дипломның үлгісі**
**Ішкі беті ( бакалавр)**



Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ
ұлттық өнер академиясы
Аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы «04»
маусым шешімімен (№ 22 хаттама)
ФИО
5В040800
Эстрада өнері мамандығы
және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша
Өнер
БАКАЛАВРЫ
дәрежесі берілді
Оқыту нысаны күндізгі
подпись ФИО
2021 жылғы 25 маусым
Алматы қ.
серия номер
Тіркеу нөмірі рег.номер

Решением Аттестационной комиссии
Казахской национальной академии
искусств им.Т.К.Жургенова
от 04 » июня 2021 года (протокол № 22 )
ФИО
присуждена степень
БАКАЛАВР
Искусства
по специальности и (или) образовательной программе
5В040800
Искусство эстрады
Форма обучения очное
By the Decision of the Attestation Commission
T.K.Zhurgenov Kazakh
national academy of arts
ФИО was
awarded the degree of BACHELOR
Arts
on the specialty and (or) educational program
5B040800 Variety art
Form of training full-time
Date 04 » june 2021
« 25 » июня 2021 года г.Алматы

Қосымша №2

**Білім туралы өзіндік үлгідегі дипломның үлгісі**
**Сыртқы беті ( Магистратура)**




Білім туралы өзіндік үлгідегі құжаттарда деректерді автоматты сәйкестендіру QR коды: білім алушының аты -жөні, академияның атауы, мамандықтың коды мен атауы, оқу кезеңі (оқуға түскен жылы мен бітірген жылы).

**Білім туралы өзіндік үлгідегі дипломның үлгісі**

**Ішкі беті (Магистратура)**



Т.К. Жүргенов атындағы
Қазақ ұлттық өнер академиясы
Аттестаттау комиссиясының 2021 жылғы «04» 06 шешімімен (№ 08 хаттама)

[redacted]

7M02115 «Сөз сөйлеу жанрының актері» мамандығы
және (немесе) білім беру бағдарламасы бойынша
өнертану ғылымдарының
МАГИСТРІ
дәрежесі берілді

Бағыты ғылыми-педагогтік

Ш.А. Амирбеков

2021 жылғы «25» маусым
Алматы қ.

МД № 00017935879

Тіркеу нөмірі 56

Решением Аттестационной комиссии
Казахской национальной академии искусств имени Т.К. Жургенова
от «04» 06 2021 года (протокол № 08)

[redacted]

присуждена степень
МАГИСТР
искусствоведческих наук
по специальности и (или) образовательной программе
7M02115 «Актер речевого жанра»

Направление научно-педагогическое

By the Decision of the Attestation Commission
T.K. Zhargenov
Kazakh national academy of arts
[redacted] was
awarded the degree of MASTER on the specialty and (or) educational program 7M02115
«Acting of speech genre»

Type of program scientific-pedagogical

Date «25» june 2021

MD № 00017935879

«25» июня 2021 года г. Алматы

## Білім туралы өзіндік үлгідегі дипломның элементері:

1) Т.К.Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы
2) бітірушілердің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда);
3) білім беру бағдарламасының (мамандықтың) коды және атауы;
4) берілетін дәреже (өнер бакалавры);
5) дәреже беру туралы аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасының күні мен нөмірі;
6) бакалавр дәрежесі берілетін жоғары білім туралы диплом – BD;
7) оқыту нысаны: күндізгі;
8) академия басшысының қолы;
9) реттік тіркеу нөмірі;
10) берілген күні және орны (қала);
11) диплом номері: 11 сандық цифрлық код.
12)Академия мөрі.

Приложение №3

**Магистр дипломына куәлік – МDК**

Қосымша№ 4

НААР

1. Тегі [redacted]

2. Аты, әкесінің аты (болған жағдайда) [redacted]

3. Туған күні [redacted]

4. Білімі туралы алдыңғы құжат

Жоғары білім туралы үздік диплом ЖБ-Б № 0164060, 24.06.2019 ж.

5. Түсу сынақтары Сертификат BG № 4688250, 12.08.2019 ж.

Емтихан парағы № 01701051, 14.08.2019 ж.

6. Түсті Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2019 ж.

7. Бітірді Т.К. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясы, 2021 ж.

8. Жалпы игерілген академиялық кредиттердің саны - ECTS 120

9. Оқудың орташа өлшемді бағасы (GPA) 3,81

10. Кәсіптік практика

| Практиканың түрі | Академиялық кредиттердің саны - ECTS | Баға | | |
|---|---|---|---|---|
| | | әріптік | балдық | дәстүрлі |
| педагогикалық | 5 | A | 95 | өте жақсы |
| зерттеу | 6 | A- | 93 | өте жақсы |

11. Қорытынды аттестаттау

| Мемлекеттік емтихан пәндерінің атауы | Академиялық кредиттердің саны - ECTS | Баға | | |
|---|---|---|---|---|
| | | әріптік | балдық | дәстүрлі |
| | | | | |

12. магистрлік диссертацияны орындау және қорғау

| Диплом жобасының (жұмысының) немесе диссертацияның тақырыбы | Академиялық кредиттердің саны - ECTS | Баға | | |
|---|---|---|---|---|
| | | әріптік | балдық | дәстүрлі |
| «Қазақ ұлттық костюмінің заманауи кино мен телевизиясындағы көркем бейнесінің қалыптасуы» | 12 | A | 99 | өте жақсы |

13. Ұлттық біліктілік шеңберіне сәйкестік деңгейі: 7

Осы диплом Қазақстан Республикасының жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім деңгейіне сәйкес кәсіби қы... құқық береді.

ДИПЛОМСЫЗ ЖАРАМСЫЗ

Т.К. Жүргенов а...

Қазақ ұлтт...

өнер академ...

Алматы қа...

ДИПЛОМ...

ҚОСЫМ...

(транскр...

№ MD № 0001...

25.06.202...

27

Басшы

Ш.А. Амирбеков

М.О.

14. Теориялық оқу:

| № | Пән коды | Пән атауы | Академиялық кредиттердің саны - ECTS | Баға | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
